

## Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркменстан Үкіметінің арасындағы Әуе қатынасы туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Заны 1998 жылғы 10 қараша N 301-I

Алматыда 1997 жылы 27 ақпанды қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркменстан Үкіметі арасындағы Әуе қатынасы туралы келісім бекітілсін.

**Қазақстан Республикасының**

*Президенті*

## Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркіменстанның

## Үкіметі арасындағы Әуе қатынасы туралы

### Келісім

(КР халықаралық шарттары бюллетені, 2001 ж., N 2, 15-құжат)  
(2000 жылғы 10 наурызда күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж., Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 95 бет)

Бұдан әрі қарай Уағдаласуши Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркіменстанның Үкіметі,

Чикаода 1944 жылғы 7 желтоқсанда қол қою үшін ашылған Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның қатысуышылары бола отырып,

екі ел халықтарының арасында достық орнату мен сақтаудың, өзара түсіністік пен

ынтымақтастықтың құралы ретінде әуе көлігінің маңыздылығын ескере отырып,

Қазақстан Республикасы мен Түркіменстан арасындағы халықаралық ынтымақтастықты жалғастыру мен дамыту мақсатында,

олардың тиісті аумақтары арасында және олардан тыс жерлерде Әуе қатынасын орнату туралы келісім жасауға тілек білдіре отырып,

мына төмендегілер жөнінде уағдаласты:

### 1-бап

#### Терминдерді айқындау

1. Егер мәтінде басқаша айтылмаған болса, осы Келісімді қолдану және түсіндіру мақсаттары үшін төмендегі терминдер мыналарды білдіреді:

а) "Конвенция" термині - Чикаода 1944 жылғы 7 желтоқсанда қол қою үшін ашылған Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияны білдіреді және осындағы Қосымша мен оған енгізілген түзету осы Келісімнің Уағдаласуши Тараптарына қолданылатын дәрежеде осы Конвенцияға кез келген Қосымшаны және

Конвенцияның 94-бабына сәйкес қабылданған, тиісінше Қазақстан Республикасы мен Түркіменстан бекіткен, Конвенцияға енгізілген кез келген тұзетуді қамтиды;

б) "авиациялық билік орындары" термині - Қазақстан Республикасына қатысты - Қазақстан Республикасының Көлік министрлігін немесе қазіргі кезде осы авиакомпания орындайтын функцияларды жүзеге асыруға өкілетті кез келген адамды және Түркіменстанға қатысты - Түркіменстанның Ұлттық азаматтық авиация басқармасын

білдіреді;

в) "тағайындалған авиакәсіпорын" термині - осы Келісімнің 4-бабына сәйкес тағайындалған және өкілеттігі бар авиакәсіпорынды білдіреді;

г) "аумак" термині - мемлекетке қатысты осы мемлекеттің егемендігінің иелігіне қарайтын жер бетін, аймақтық және ішкі суларды және олардың үстіндегі әуе кеңістігін білдіреді;

д) "әуе қатынасы", "халықаралық әуе қатынасы", "авиакәсіпорын" және "коммерциялық емес мақсаттағы аялдау" терминдері Конвенцияның 96-бабында көрсетілген

мағыналарға ие;

е) "Келісім" термині - Қосымша мен оған енгізілген кез келген тұзетулерді қоса алғанда, осы Келісімді білдіреді;

ж) "белгіленген маршруттар" термині - Келісімнің Қосымшасында белгіленген немесе белгіленуге тиісті маршруттарды білдіреді;

з) "келісілген әуе жолдары" термині - осы Келісім Қосымшасына сәйкес белгіленген маршруттар бойынша пайдаланылатын халықаралық авиажолдарды білдіреді;

и) "тариф" термині - жолаушыларды, бағажды және жүкті тасымалдау құнын және комиссияндық төлем сомасын және агенттік пен басқа да қосымша қызметтер үшін жағдайлар мен бағаларды қоса есептегендеге тасымалдаулар ақысының құнын білдіреді, бірақ бұған пошта тасымалдарының төлемақысы мен шарттары кірмейді;

к) "келісілген әуе жолдарына" қатысты "көлем" термині осындай әуе жолдарында пайдаланылатын, осы әуе кемесінің барлық маршрут бойынша белгілі бір мерзім ішінде немесе оның бір бөлігінде үшу жиілігіне көбейтіletін сол әуе кемесінің көлемін білдіреді.

2. Осы Келісімнің Қосымшасы оның ажырағысыз бөлігін құрайды.

## 2-бап

### Құқықтар беру

1. Әрбір Уағдаласуши Тарап екінші Уағдаласуши Тарапқа осы Келісімнің Қосымшасында көрсетілген маршруттар бойынша тұрақты халықаралық қатынастарды жүзеге асыру мақсатында осы Келісімде көзделген құқықтарды береді.

2. Әрбір Уағдаласуши Тараптың тағайындалған авиакәсіпорыны белгіленген маршруттар бойынша келісілген әуе жолдарын пайдалану кезінде мынадай құқықтарды

п а й д а л а н а т ы н

б о л а д ы :

а) екінші Уағдаласуши Тараптың аумағы арқылы қонбастан ұшып өту;  
б) осы Келісімнің Қосымшасында көрсетілген пункттерде коммерциялық емес мақсаттарда екінші Уағдаласуши Тараптың аумағына қону;

в) осы Келісімнің Қосымшасында көрсетілген, Уағдаласуши Тараптар аумақтарының арасындағы пункттерде жолаушыларды, поштаны және жүктөрді арту және (немесе) түсіру мақсатында екінші Уағдаласуши Тараптың аумағында қону;

г) осы Келісімнің Қосымшасында көрсетілген пункттерде, ұшінші елдердің пункттеріне (нен) жолаушыларды, пошта мен жүкті арту және (немесе) түсіру мақсатында баратын екінші Уағдаласуши Тарап аумағына қону.

3. Осы Келісімнің ешқандай да ережесі, егер Уағдаласуши Тараптардың авиациялық билік орындары арасында басқаша уағдаластық көзделмеген болса, бір Уағдаласуши Тараптың тағайындалған авиакәсіпорнына екінші Уағдаласуши Тараптың аумағындағы пункттер арасында жолаушыларды, поштаны және жүктөрді төлемақыға немесе жалдау жағдайында өзінің бортына алу құқығы беріледі деп  
қ а р а л а т ы н

б о л м а й д ы .

4. Келісілген әуе жолдары бойынша әуе кемелерінің ұшу маршруттары мен мемлекеттік шекаралардан ұшып өту пункттерін әрбір Уағдаласуши Тарап өз ауматында

б е л г і л е й д і .

5. Келісілген әуе жолдарында әуе кемелерінің ұшуына және жолаушыларды, жүктөрді және поштаны тасымалдауға қатысты техникалық және коммерциялық мәселелер, әуе кемелеріне жер бетінде техникалық қызмет көрсету мен қаржылық есеп айырысу тәртібінің мәселелері тағайындалған авиакәсіпорындар арасында уағдаластық бойынша шешілетін және Уағдаласуши Тараптардың авиациялық билік орындарының мақұлдауына тапсырылатын болады. Уағдаластыққа қол жеткізілмеген жағдайда бұл мәселелерді Уағдаласуши Тараптардың авиациялық билік орындары шешетін болады.

6. Қосымша, чартерлік және арнаулы рейстер тағайындалған кәсіпорындардың алдын ала тапсырысы бойынша әрбір Уағдаласуши Тараптың заңдары мен ережелеріне сәйкес жүзеге асырылатын болады;

мұндай тапсырыстар жексенбі және мереке күндерін есептемегендеге, әуе кемесінің ұшуынан 48 сағаттан кешіктірілмей екінші Уағдаласуши Тараптың авиациялық билік орындарының қарауына тапсырылуға тиіс. Кейбір жағдайларда бұл мерзім жоғарыда аталған билік орындарының келісімімен қысқартылуы мүмкін.

б е р і л у г е

т и і с .

7. Келісілген әуе жолдары бойынша қозғалыстар кестесі оның ашылуы белгіленген күнге дейін 30 күннен кешіктірілмей Уағдаласуши Тараптардың авиациялық билік орындарының қарауына тапсырылуға тиіс. Кейбір жағдайларда бұл мерзім жоғарыда аталған билік орындарының келісімімен қысқартылуы мүмкін.

### **3-бап**

#### **Авиакәсіпорындарды тағайындау және пайдалануға рұқсат беру**

1. Эрбір Уағдаласуши Тарап бұл жайында екінші Уағдаласуши Тарапқа жазбаша мәлімдей отырып, белгіленген маршруттар бойынша келісілген әуе жолдарын пайдалану мақсатында авиакәсіпорын(дар)ды тағайындауға құқылы болып табылады.

2. Екінші Уағдаласуши Тарап мұндай мәлімдемені алған соң осы баптың 3 және 4-тармақтарының ережелеріне сәйкес әрбір тағайындалған авиакәсіпорынға тиісті үшу рұқсатын кешіктірмей бере ді.

3. Бір Уағдаласуши Тараптың авиациялық билік орындары үшүға рұқсат бергенге дейін әдетте осы билік орындары халықаралық әуе жолдарын пайдалану кезінде қолданатын заңдар мен ережелерде және Конвенцияның ережелерінде көзделген шарттарды оның орындауға қабілетті екендігі туралы екінші Уағдаласуши Тарап тағайындаған авиакәсіпорыннан дәлелдер талап ете алады.

4. Эрбір Уағдаласуши Тарап аталған Уағдаласуши Тараптың осы авиакәсіпорын(дар)дың негізгі иелігі мен нақты бақылауы осы авиакәсіпорынды тағайындаған Уағдаласуши Тарапқа немесе оның азаматтарына жататындығын дәлелдей алмаған кез келген жағдайларында осы баптың 2-тармағында көрсетілген үшу рұқсаттарын беруден бас тартуға немесе ол тағайындаған авиакәсіпорынның осы Келісімнің 3-бабында көрсетілген құқықтарын пайдалану кезінде қажет деп санайтын осындай шарттардың орындалуын талап етуге құқылы болып табылады.

5. Тағайындалған және осылайша рұқсат алған авиакәсіпорын тағайындалған авиакәсіпорындар арасында келісілген үшу кестесін Уағдаласуши Тараптардың авиациялық билік орындары бекіткен және осы Келісімнің 6-бабының ережелеріне сәйкес белгіленген тарифтер қолданысқа енгізілген жағдайда келісілген әуе жолдарын пайдалануға бере бастайды.

### **4-бап**

#### **Үшүға рұқсаттарды жою немесе тоқтату тұру**

1. Эрбір Уағдаласуши Тарап үшүға рұқсатты жоюға немесе екінші Уағдаласуши Тараптың тағайындалған авиакәсіпорнына берілген, осы Келісімнің 2-бабында көрсетілген құқықтарды пайдалануды тоқтата тұруға немесе ол осы құқықтарды пайдалану кезінде қажет деп санайтын мынадай шарттардың орындалуын талап етуге құқылы болып табылады:

а) егер ол осы авиакәсіпорынға негізгі иелік пен нақты бақылау осы авиакәсіпорынды тағайындаған Уағдаласуши Тарапқа немесе оның азаматтарына

тиесілі екендігіне сенімді болған кез келген жағдайда;  
б) егер осы авиакәсіпорын(дар) осы құқықтарды берген Уағдаласуши Тараптың  
зандары мен ережелерін сактамайтын жағдайда;  
в) егер авиакәсіпорын(дар) қандай да бір басқаша түрде осы Келісімде көзделген  
шарттарды орындамайтын жағдайда.

2. Егер осы баптың 1-тармағында көрсетілген рұқсаттарды жедел түрде жою,  
құқықтарды тоқтата тұру немесе шарттардың орындалуын талап ету зандар мен  
ережелерді одан әрі бұзуды болдырмауға қажет болып табылмаса, онда осы тармақта  
айтылған құқық Уағдаласуши Тараптардың авиациялық билік орындары арасында  
консультация өткізілгеннен кейін ғана пайдаланылатын болады. Авиациялық билік  
орындары арасындағы мұндай консультациялар сұрау салған күннен бастап  
мүмкіндігінше қысқа мерзім ішінде өтуге тиіс.

## 5-бап

### Кеден салықтары мен алымдардан босатылу

1. Бір Уағдаласуши Тараптың тағайындаған авиакәсіпорны келісілген әуе жолында  
пайдаланатын әуе кемелері, сондай-ақ осындай әуе кемелерінің бортындағы олардың  
табельдік мүлкі, жанар май қоры мен жағармай материалдары, борттық қорлары (азық-тұлік,  
сусындар және темекі өнімдерін қоса алғанда) екінші Уағдаласуши  
Тараптың аумағына келген бетте бұл мүліктер, материалдар және қорлар әуе кемесінің  
бортында оларды кері қарай алып кеткенге дейін қала беретін жағдайда барлық кеден  
алымдарынан босатылатын болады.

2. Сондай-ақ мұндай баж салықтарынан, салықтар мен алымдардан, мынадай  
қызмет үшін алымдарды қоспағанда:

а) аталған Уағдаласуши Тараптың өкімет орындары белгілеген лимит шегінде бір  
Уағдаласуши Тараптың аумағында алынған және келісілген әуе жолдарында екінші  
Уағдаласуши Тараптың тағайындалған авиакәсіпорны пайдаланатын әуе кемесінің  
бортында тұтынуға арналған борттық қорлар;

б) екінші Уағдаласуши Тараптың тағайындалған авиакәсіпорны келісілген әуе  
жолдарында пайдаланылатын әуе кемесіне техникалық көмек көрсету немесе оны  
жөндеу үшін бір Уағдаласуши Тараптың аумағына әкелінген қосалқы бөлшектер;

в) егер тіпті бұл қорлар өздерін бортқа алған екінші Уағдаласуши Тараптың аумағы  
шегіндегі маршрут участкесінде пайдаланылатын болса, бір Уағдаласуши Тараптың  
тағайындалған авиакәсіпорны келісілген әуе жолдарында пайдаланылатын әуе кемесін  
тұтынуға арналған жанармай мен жағармай материалдары;

г) авиабилеттерді, авианакладнойларды, сондай-ақ екінші Уағдаласуши Тарап  
аумағында тегін таратылатын жарнамалық материалдарды қоса алғанда, бір  
Уағдаласуши Тараптың авиакәсіпорны пайдаланатын құжаттар мұндай баж

салықтарынан, салықтар мен алымдардан босатылатын болады.

3. Материалдар, қорлар және қосалқы бөлшектер, сондай-ақ осы баптың 2-тармағында көрсетілген құжаттар талап ету бойынша кедендік өкімет орындарының тексеруіне немесе қадағалауына жеткізіліп берілуі мүмкін.

4. Бір Уағдаласуши Тараптың тағайындалған авиакәсіпорны келісілген әуе жолында пайдаланылатын әуе кемесінің бортындағы табельдік-борттық мұлік, материалдар, қорлар және қосалқы бөлшектер екінші Уағдаласуши Тараптың аумағында тек қана осы Уағдаласуши Тараптың кедендік өкіметінің келісімімен ғана алынып тасталуы мүмкін. Мұндай жағдайда олар кеден ережелеріне сәйкес қайта алынып кеткен кезге дейін және басқа тағайындау алғанға дейін аталған өкімет орындарының бақылауда қала тұруы мүмкін.

5. Осы баптың 1-тармағында айтылатын баждар мен алымдардан босату, сондай-ақ бір Уағдаласуши Тараптың авиакәсіпорны екінші авиакәсіпорынмен осы баптың 1-тармағында аталған мұлікті уақытша пайдалану немесе беру туралы бұл екінші авиакәсіпорын екінші Уағдаласуши Тараптың аумағында тап осындаі кеден салықтары мен алымдарынан босатылу құқығымен пайдаланылатын жағдайда контракт жасалғанда да қолданылатын болады.

## 6-бап

### Тарифтер

1. Бір Уағдаласуши Тараптың авиакәсіпорындары екінші Уағдаласуши Тараптың аумағына немесе аумағынан тасымалдағаны үшін алатын тарифтер пайдалану шығыстарын, басқа да авиакәсіпорындардың лайықты табысы мен тарифтерін қоса алғанда, барлық тиісті факторларды ескере отырып, лайықты мөлшерде белгіленуге тиіс. Уағдаласуши Тараптар, сондай-ақ авиакәсіпорындарды тікелей немесе жанама мемлекеттік қаржыландыру есебінен жасанды түрде төмендетілген бағалардан қорғау мақсатында немесе дискриминациялық баға қоюды және ондай практиканы болдырмау, тұтынушыларды көтерінкі бағадан қорғау мақсатында басыңқы жағдайды теріс пайдаланғаны үшін шектен тыс жоғары немесе шектелген тарифтерді қабылдауға болмайды деп қарайтын болады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген тарифтер мүмкіндігіне қарай екі Уағдаласуши Тараптың тағайындалған авиакәсіпорындарымен барлық маршруттарды немесе оның бір бөлігін пайдаланатын басқа кәсіпорындарымен кенесулдерден кейін ғана келісілуге тиіс. Мұндай келісуге мүмкіндігіне қарай ИАТА қолданатын тарифтерді белгілеудің тиісті механизмдерін пайдалану арқылы қол жеткізілетін болады. Осылайша келісілген тарифтерді Уағдаласуши Тараптардың авиациялық билік орындары бекітуге тиіс.

3. Осылайша келісілген тарифтер екі Уағдаласуши Тараптың авиациялық билік

орындарына олардың күшіне енуі белгіленген күнге дейін кемінде қырық бес (45) күн бұрын бекітуге ұсынылуға тиіс. Ерекше жағдайларда бұл мерзім аталған билік орындарының **келісімімен** **қысқартылуы** **мүмкін**.

4. Қолдануға келісім нақты жауап арқылы беріле алады. Егер тиісті авиациялық билік орындары тарифтерді ұсынған күннен бастап отыз (30) күннің ішінде осы баптың 3-тармағына сәйкес олармен өздерінің келіспейтіндіктерін білдірмейтін болса, онда тарифтер бекітілді деп қаралатын болады. Егер 3-тармақта көзделген келісу кезеңі қысқартылатын болса, онда авиациялық билік орындары келіспеушілік туралы хабарлаудың мерзімі отыз күннен кем болады деп келісе алады.

5. Егер бекітуге ұсынылған тариф осы баптың 2-тармағының ережелеріне сәйкес келісіле алмаса немесе егер осы баптың 4-тармағында көрсетілген кезеңнің ішінде Уағдаласуши Тараптың біреуінің авиациялық билік орындары екінші Уағдаласуши Тараптың авиациялық билік орындарына осы баптың 2-тармағының ережелеріне сәйкес келісілген қандай да бір тарифпен өзінің келіспейтіндігі туралы мәлімдейтін болса, онда екі Уағдаласуши Тараптың да авиациялық билік орындары мұндай тарифті екеуара өздерінше келісу арқылы белгілеуге тырысуы қажет.

6. Егер авиациялық билік орындары осы баптың 3-тармағына сәйкес берілген тарифтердің кез келгені бойынша немесе осы баптың 5-тармағына сәйкес кез келген тарифті белгілеу жөнінде өзара келісе алмаса, онда мұндай келісе алмаушылықтар осы Келісімнің 20-бабының ережелеріне сәйкес реттелуге тиісті.

7. Осы баптың ережелеріне сәйкес белгіленген тарифтер осы баптың шарттарына сәйкес жаңа тарифтер белгіленгенге дейін өз күшінде қала беруге тиіс.

8. Уағдаласуши Тараптардың әрқайсысының авиациялық билік орындары тағайындалған авиакәсіпорнындар Уағдаласуши Тараптардың авиациялық билік орындары бекітken келісілген тарифтерді сақтауға және авиакәсіпорнындардың ешқайсысы да мұндай тарифтерден тікелей немесе жанама түрде жалпы негізде немесе әлдебір ерекше жағдайларда немесе кейбір жекелеген жағдайларда берілуі мүмкін авиациялық билік орындарының бекітуінсіз ешкімге де мұндай тарифтерден женілдік бермеуі үшін барлық күш-жігерін жұмсайды.

## **7-бап** **Өкілдік**

1. Бір Уағдаласуши Тараптың тағайындалған авиакәсіпорнына өзаралық негізде екінші Уағдаласуши Тараптың аумағында келісілген әуе жолдарын пайдалану үшін қажетті өз өкілдері мен коммерциялық, оперативті және техникалық персоналдарын ұстауға рұқсат етілетін болады. Жоғарыда аталған персонал құрамы Уағдаласуши Тараптардың **азаматтарынан** **тұруға** **тиіс**.

2. Мұндай персоналға қойылатын талаптар тағайындалған авиакәсіпорнының тілегі

бойынша өз персоналдарының есебінен немесе екінші Уағдаласуши Тараптың аумағында әрекет ететін және осы екінші Уағдаласуши Тараптың аумағында сондай қызметтер көрсетуге өкілетті басқа да ұйымдардың, компаниялардың немесе авиакомпаниялардың қызметін пайдалану жолымен қанағаттандырылуы мүмкін.

3. Өкілдерге және персоналдарға екінші Уағдаласуши Тараптың қолданыстағы зандары мен ережелері таралады және осындай зандар мен ережелерге сәйкес әрбір Уағдаласуши Тарап өзаралық негізінде және аса көп кешеуілдетпей осы баптың 1-тармағында аталған өкілдер мен персоналға олардың жұмысына қажетті рұқсат, жұмысқа орналасу үшін визалар немесе басқа да сол сияқты құжаттар береді.

## 8-бап

### Зандар мен ережелерді қолдану

1. Бір Уағдаласуши Тараптың аумағына халықаралық ұшуларға шығатын әуе кемелерінің ұшып келуін және ұшып шығуын немесе оның аумағында осы әуе кемелерінің болуы кезінде пайдаланылуын немесе навигациясын реттейтін зандар мен ережелер екінші Уағдаласуши Тарап тағайындаған авиакәсіпорынның(дардың) әуе кемелеріне қолданылатын болады.

2. Бір Уағдаласуши Тараптың аумағына жолаушылардың, экипаждың, бағаждың, жүктің және поштаның келуін, болуын және жөнелтілуін және соның ішінде паспорт, кеден, валюта және санитарлық ережелерге қатысты формальдылықтарды реттейтін зандары мен ережелері екінші Уағдаласуши Тарап тағайындаған авиакәсіпорынның әуе кемелері жолаушыларына, экипаждарына, жүгіне және поштасына олардың аталған аумак шегінде болуы кезінде қолданылатын болады.

Уағдаласуши Тараптардың азаматтарына қатысты, егер Уағдаласуши Тараптардың біреуі немесе екі Уағдаласуши Тарап та басқаша шешім қабылдамайтын болса, келудің , болудың және жөнелтудің оңайлатылған тәртібі қолданылатын болады. Уағдаласуши Тараптар арасында екі Уағдаласуши Тарап үшін де міндетті болып табылатын, осы тармақта аталған мәселелерді реттейтін арнаулы келісімдер жасалған жағдайда осы Келісімнің ережелері қолданылатын болады.

## 9-бап

### Куәліктер мен айғақ құжаттарды тану

1. Ұшуға жарамдылығы туралы куәліктерді, біліктілігі туралы айғақ құжаттарды және бір Уағдаласуши Тарап берген немесе жарамды деп танылған куәліктерді екінші Уағдаласуши Тарап та жарамды деп танитын болады. Мұндай куәліктер мен айғақ құжаттар берілген немесе жарамды деп танылған жағдайда белгіленген маршруттарда келісілген әуе жолдары бойынша ұшуларды орындау мақсатында олар Конвенция белгілеген стандарттарға сәйкес және олардың қолдану мерзімі біткен деп танылады.

2. Эйтсе де Уағдаласуши Тараптардың әрқайсысы өз аумағының үстімен ұшу кездерінде екінші Уағдаласуши Тараптың өз азаматтарына беретін біліктілік туралы айғақ күжаттары мен қуәліктерінің жарамдылығын танудан бас тарту құқығын өзінде қалдырады.

## 10-бап

### Авиациялық қауіпсіздік

1. Халықаралық құқықтан туындайтын өз құқықтары мен міндеттемелеріне сәйкес Уағдаласуши Тараптар олардың бір-біріне қатысты өздеріне алған азаматтық авиацияның қауіпсіздігін заңсыз қол сұғушылық актісінен қорғау міндеттемесі осы келісімнің ажырағысыз бөлігін құрайтынын растайды. Халықаралық құқық бойынша өздерінің құқықтары мен міндеттемелерінің жалпы қолданушылығын шектемей, Уағдаласуши Тараптар Токиода 1963 жылғы 14-қыркүйекте қол қойылған Әуе кемелері бортында жасалатын қылмыстар мен басқа да кейбір актілер туралы конвенцияның, Гаагада 1970 жылғы 16-желтоқсанда қол қойылған Әуе кемелерін заңсыз басып алушылыққа қарсы құрес туралы конвенцияның, Монреалда 1971 жылғы 23-қыркүйекте қол қойылған Азаматтық авиация қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз актілермен құрес туралы Конвенцияның және Монреалда 1988 жылғы 24-ақпанда қол қойылған Халықаралық азаматтық авиацияға қызмет көрсететін әуежайлардағы заңсыз күш көрсету актілеріне қарсы құрес туралы хаттаманың ережелерінде, Уағдаласуши Тараптар арасындағы қолданыстағы екі жақты келісімдердің, сондай-ақ алдағы уақытта олардың арасында жасалатын келісімдердің ережелерінде сәйкес әрекет ететін болады.

2. Уағдаласуши Тараптар бір-біріне олардың өтініштері бойынша әуе кемелерін заңсыз басып алушылықты болдырмау үшін және әуе кемелерінің, олардың жолаушылары мен экипаждарының, әуежайлар мен аэронавигациялық құралдардың қауіпсіздігіне, сондай-ақ азаматтық авиация қауіпсіздігіне төнетін кез келген басқа да қатерге қарсы бағытталған өзге де заңсыз актілерді болдырмау үшін бір-біріне қажетті көмек көрсетеді.

3. Уағдаласуши Тараптар мұндай ережелер мен талаптар Уағдаласуши Тараптарға қолдануға болатын деңгейде Халықаралық азаматтық авиация үйымы белгілеген және Халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенцияның қосымшасында көзделген авиациялық қауіпсіздік жөніндегі ережелерге және техникалық талаптарға сәйкес әрекет ететін болады.

Олар өздері тіркелген әуе кемелерінің пайдаланушылары, олардың негізгі қызмет орны немесе тұрақты орналасқан жайы өздерінің аумағында болып табылатын әуе кемелерінің пайдаланушылары және олардың аумағындағы халықаралық әуежайлардың пайдаланушылары авиациялық қауіпсіздік жөніндегі осындағы

ережелерге және талаптарға сәйкес әрекет етуін талап ететін болады.

4. Әрбір Ұағдаласуши Тарап осы екінші Ұағдаласуши Тараптың аумағына келу, кету және болу үшін көзделген, осы баптың З-тармағында аталған авиациялық қауіпсіздік жөніндегі ережелер мен талаптардың сақталуын екінші Ұағдаласуши Тарап әуе кемелерін осындай пайдаланушылардан талап ете алады деп келіседі. Әрбір Ұағдаласуши Тарап жолаушыларды отырғызуға дейін немесе жүк артылғанға дейін және соның кезінде әуе кемелерін қорғау үшін және жолаушыларды, экипажды, қол жүгін, багажды, жүк пен борт қорларын тексеру үшін өзінің аумағы шегінде тиісті шаралардың қолданылуын қамтамасыз ететін болады. Әрбір Ұағдаласуши Тарап сондай-ақ екінші Ұағдаласуши Тараптың нақты қатер төнген жағдайда арнаулы қауіпсіздік шараларын қабылдау туралы кез келген өтінішіне түсіністікпен қарайды.

5. Азаматтық әуе кемелерін заңсыз басып алушылықпен байланысты немесе әуе кемелерінің, олардың жолаушылары мен экипажының, әуежайлардың немесе аэронавигациялық құралдардың қауіпсіздігіне қарсы бағытталған басқа да заңсыз актілерге байланысты оқиға болған немесе болу қатері төнген жағдайда Ұағдаласуши Тараптар мұндай оқиғаның немесе оның төну қатерін тез арада және қауіпсіз түрде жолын кесу мақсатында байланыстарды жеңілдету және тиісті шаралар қолдану жолымен **бір-біріне** **көмектесетін** **болады.**

6. Егер Ұағдаласуши Тараптардың қайсы біреуі екінші Ұағдаласуши Тарап осы баптың авиациялық қауіпсіздік жөніндегі ережелерінен ауытқып отыр деп санауга жеткілікті негіз тапқан болса, осы Ұағдаласуши Тараптың авиациялық билік орындары екінші Ұағдаласуши Тараптың авиациялық билік орындарымен тез арада консультация өткізу туралы өтініш жасай алады.

## 11-бап

### Экстремальды жағдайлар

1. Бір Ұағдаласуши Тараптың авиакәсіпорыны әуе кемесінің екінші Ұағдаласуши Тарап аумағына қонуға мәжбүр болған, апатқа ұшыраған немесе басқа да оқиғалар болған жағдайда аумағында оқиға болған Ұағдаласуши Тарап кешіктірмей және барынша жедел түрде екінші Ұағдаласуши Тарапқа оқиға туралы, оқиғаның егжей-тегжейі мен жай-күйі туралы хабарлайды, оқиғаның болу себептерін тексеру үшін қажетті шаралар қабылдайды, сондай-ақ экипаж бен жолаушыларға қажет болуы мүмкін көмек көрсету жөнінде жедел шаралар қабылдайды, осы әуе кемесінің және поштаның, багаж бен жүктің оқиғадан кейінгі қалпында сақталуын қамтамасыз етеді және олардың одан әрі қарай тез арада тасымалдануын қамтамасыз етеді.

2. Тізбесіне әуе кемесі енгізілген Ұағдаласуши Тарап екінші Ұағдаласуши Тараппен келісім бойынша авиациялық оқиғаны тексеруге қатыса алатын өз байқаушыларын тағайындауға құқылы болып табылады.

## **12-бап**

### **Есеп айырысу, табыстарды аудару және тасымалдарды сату**

1. Тағайындалған авиакәсіпорындар арасындағы есеп айырыулар Уағдаласушы Тараптар арасындағы Есеп айырыулар мен төлемдер туралы қолданыстағы келісімдерге сәйкес Уағдаласушы Тараптар келіскең валютада жүргізілетін болады.

2. Әрбір Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тараптың тағайындалған авиакәсіпорнына осы авиакәсіпорынның келісілген әуе жолдарын пайдаланудан алған шығыстарынан артық табыстар сомасын еркін аудару құқығын береді.

3. Мұндай аударым Уағдаласушы Тараптар арасындағы қаржы қатынастарын реттейтін келісімнің ережелеріне сәйкес жүргізілуге тиіс. Мұндай келісім немесе осы келісімде тиісті ережелер болмаған жағдайда аударым Уағдаласушы Тараптар қолданатын валюталық айырбас ережелеріне сәйкес ресми айырбас бағамы бойынша еркін өтімді валютамен жүзеге асырылуға тиіс.

4. Әрбір Уағдаласушы Тараптың тағайындалған авиакәсіпорны екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында осы екінші Уағдаласушы Тараптың зандарына немесе ережелеріне сәйкес авиатасымалдардың тікелей немесе олар тағайындаған агенттер арқылы сатылуын жүзеге асыра алады.

## **13-бап**

### **Салықтардан босату**

1. Бір Уағдаласушы Тараптың тағайындаған авиакәсіпорнының екінші Уағдаласушы Тарап аумағында келісілген әуе жолдарын пайдаланудан алған табыстарын осы екінші Уағдаласушы Тараптың ережелеріне сәйкес қолданылуға тиіс немесе қолданылуы мүмкін болатын салық салудан осы екінші Уағдаласушы Тарап босататын болады.

2. Авиабилеттері мен авианакладнойларын қоса алғанда, бір Уағдаласушы Тараптың тағайындалған авиакәсіпорынның қажетті құжаттары, сондай-ақ жарнамалық материалдары екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында барлық салықтар мен кеден баждарынан босатылатын болады.

## **14-бап**

### **Ұшы көлемі мен кестесі**

1. Уағдаласушы Тараптардың тағайындалған авиакәсіпорындарына олардың тиісті аумақтары арасында белгіленген маршруттар бойынша келісілген әуе жолдарын пайдаланудың әділ және тең шарттары берілетін болады.

2. Келісілген әуе жолдарын пайдалану кезінде бір Уағдаласушы Тараптың тағайындалған авиакәсіпорны екінші Уағдаласушы Тараптың тағайындалған

авиакәсіпорнының мұдделерін ескеруге тиіс, бұл жағдайда тап осы маршрут немесе оның бір бөлігі бойынша авиажолын пайдаланып отырған соңғы авиакәсіпорынның тасымалдауларына зиян шектірмейтіндегі болуға тиіс. Осы мақсатта Уағдаласуши Тараптардың тағайындалған авиакәсіпорындары өзара бірлескен пайдалану туралы немесе      пул      туралы      келісімдер      жасаса      алады.

3. Уағдаласуши Тараптардың тағайындалған авиакәсіпорындары қызмет көрсететін келісілген әуе жолдары белгіленген маршруттар бойынша тасымалдауларда қоғамдық қажеттіліктерге сәйкес келуге тиіс және әрбір авиакәсіпорын өзінің бірінші кезектегі міндеті ретінде ақылға сыйымды жүк арту коэффициентін ала отырып, олардың тиісті аумақтары арасында жолаушылар, жүк және пошта тасымалдауларында қолданылып жүрген және лайықты көзделген қажеттіліктерге сай келетін көлем беруге тиіс.

4. Егер Уағдаласуши Тараптардың авиациялық билік орындары арасында басқаша келісілмеген болса, белгіленген маршруттардағы көлемдер іс жүзінде әрбір Уағдаласуши Тараптың тағайындалған авиакәсіпорындары арасында кең түрде б ө л і н у г е т и і с .

5. Әрбір Уағдаласуши Тараптың тағайындалған авиакәсіпорны ұшулар басталғанға дейін 60 (алпыс) күннен кешіктірмей екінші Уағдаласуши Тараптың авиациялық билік орындарына бекіту үшін ұшу жиілігін, әуе кемесінің түрін, компоновкасы мен сатуға ұсынылған орындар санын көрсете отырып, көзделген ұшу кестесін ұсынуға тиіс.

6. Егер тағайындалған авиакәсіпорындар ұшу кестелерін келісуге қол жеткізе алмайтын жағдайда бұл мәселе Уағдаласуши Тараптардың авиациялық билік орындары      арасында      тікелей      шешіледі.

7. Ұшу кестесі оны Уағдаласуши Тараптардың авиациялық билік орындарының бекітуінсіз қолданысқа енгізіле алмайды. Бекітілген штат кестесіне енгізілген кез келген келесі өзгерістер Уағдаласуши Тараптардың авиациялық билік орындарына бекітуге ұсынылуға тиіс.

## 15-бап

### Қызмет көрсету құралдары және алымдар

1. Әрбір Уағдаласуши Тарап әуежайлар мен басқа да авиациялық құралдарды пайдаланғаны үшін мұндай алымдар осындаі халықаралық әуе қатынасын жүзеге асыратын өзге авиакәсіпорындардың төлейтін алымдарынан аспайтындей етіп әділ және лайықты алымдар белгілей алады немесе белгілеуге рұқсат берे алады.

2. Әрбір Уағдаласуши Тарап оның алым жинайтын құзыретті ұйымдары мен қызметтерді және құралдарды пайдаланатын тағайындалған авиакәсіпорындары арасында, ал бұл іс жүзінде мүмкін болатын жерде авиакәсіпорынның атынан өкілдік ететін ұйымдар арқылы консультациялар өткізуге жәрдемдесетін болады. Алдын ала хабарлау мұндай өзгерістер жасалғанға дейін олар өз пікірлерін білдіре алу үшін

қолданылып жүрген алымдардың өзгеруі туралы кез келген ұсыныс жөнінде пайдаланушыларға алдын ала мәлімдеме берілуге тиіс.

3. Уағдаласушы Тараптардың ешқайсысы да тап сондай халықаралық әуе қатынасын жүзеге асырып отырған екінші Уағдаласушы Тараптың авиакәсіпорнымен салыстырғанда оның өзінің немесе кез келген басқа авиакәсіпорынына кеден, иммиграция, карантиндік және тағы басқа сондай ережелерді пайдалануда немесе әуежайларды, авиамаршруттарды, авиатасымалдауларына қызмет көрсетудің құралдарын және оның бақылауындағы техникалық құралдарды пайдалануда артықшылықтар бермейді.

## 16-бап

### Ақпараттар мен статистикалық мәліметтер алмасу

Бір Уағдаласушы Тараптың авиациялық билік орындары екінші Уағдаласушы Тараптың авиациялық билік орындарының сұрауы бойынша бірінші Уағдаласушы Тараптың тағайындалған авиакәсіпорны келісілген әуе жолдарында атқаратын жүк тасымалдауларының көлемін айқындау мақсатында лайықты түрде сұрастырылуы мүмкін болатын статистикалық ақпаратты үздіксіз беріп отырады.

## 17-бап

### Тікелей транзит

Бір Уағдаласушы Тараптың аумағы арқылы тікелей транзит арқылы өтетін және осы мақсат үшін арналған әуежай ауданынан кетпейтін жолаушылар, багаж және жүк, егер бұл авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралардан туындал жатпаса, тек оңайлатылған тексерістен гана өтеді.

Тікелей транзит арқылы өтетін багаж бен жүктен кедендік алымдар мен басқа да осындай салықтар алынбайтын болады.

## 18-бап

### Тараптардың ынтымақтастыры

1. Уағдаласушы Тараптар мынадай салаларда тығыз ынтымақтастық пен өзара бірлескен іс-әрекетті жүзеге асыратын болады:
  - әуе көлігі саласындағы ғылыми-техникалық саясат;
  - авиакәсіпорындарды материалдық-техникалық қамтамасыз ету;
  - авиация мамандарын оқыту және даярлық деңгейіне қойылатын бірыңғай талаптарды өзірлеу ;
  - техникалық пайдалануға беру, авиациялық техниканы жөндеу және өзара жеткізілім ;

- ауыл шаруашылығында авиациялық жұмыстарды орындау;
- әуе кемелері паркін пайдалануға және авиациялық оқиғалар профилактикасына бағытты

ақпарат

алмасу.

2. Інтимақтастықтың аталған салаларына байланысты мәселелер Уағдаласушы Тараптар арасындағы немесе Уағдаласушы Тараптардың авиациялық билік орындары арасындағы арнаулы келісімдердің предметі болып табылады.

## 19-бап

### Консультациялар

Осы Келісімді орындауға қатысты барлық мәселелер бойынша тығыз ынтымақтастықты қамтамасыз ету үшін Уағдаласушы Тараптардың авиациялық билік орындары арасында мезгіл-мезгіл консультациялар өткізілетін болады.

## 20-бап

### Дауларды шешу

1. Осы Келісімді түсіндіру немесе қолдану жөнінде Уағдаласушы Тараптар арасында дау туындаған жағдайда Уағдаласушы Тараптар оны бірінші кезекте Уағдаласушы Тараптардың авиациялық билік орындары арасындағы тікелей келіссөздер жолымен шешуге болады.

2. Егер аталған билік орындары келісімге келе алмаған жағдайда дау дипломатиялық арналар арқылы шешілетін болады.

3. Егер даудың реттелуі жоғарыда аталған жолдар арқылы шешілмейтін болса, онда дау Уағдаласушы Тараптардың кез келгенінің сұрауы бойынша үш арбитрден тұратын, олардың екеуін Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы, ал үшіншісін - екі тағайындалған арбитр тағайындастын соттың (осы арада және бұдан әрі қарай "Төрелік сот") қарастырылған берілетін болады.

4. Әрбір Уағдаласушы Тарап бір Уағдаласушы Тараптың екіншісінен дипломатиялық арна арқылы дауды Төрелік сотта қарастырылған сұрауын алған күннен бастап 60 (алпыс) күннің ішінде арбитрді тағайындауды және үшінші арбитр келесі 60 (алпыс) күннің ішінде тағайындалады. Егер Уағдаласушы Тараптардың кез келгені арбитрді аталған мерзім ішінде тағайындаған алмаса немесе үшінші арбитр аталған мерзім ішінде тағайындалмаған болса, жағдайларға орай арбитрді немесе арбитрлерді тағайындау туралы Уағдаласушы Тараптардың кез келгені Халықаралық азаматтық авиация ұйымының Кенесі Президентіне өтініш жасай алады.

5. 4-тармақ ережелеріне сәйкес тағайындалған үшінші арбитр үшінші мемлекеттің азаматы болуға және Төрелік сот Төрағасының міндеттерін атқаруға тиіс.

6. Төрелік сот өзінің процедурасын өзі айқындауды.

7. Арбитрлерге кететін шығынды қоса алғанда, Төрелік соттың шығындары

**Уағдаласуши Тараптар арасында тендей етіп бөлінеді.**

**8. Уағдаласуши Тараптар сottың аралық немесе ақырғы шешіміне сәйкес әрекет етүгे тиіс.**

**9. Егер Уағдаласуши Тараптардың кез келгені тіпті осы баптың ережелеріне сәйкес қабылданған Төрелік сottың шешімін орындамайтын болса, онда екінші Уағдаласуши Тарап осы Келісімге сәйкес міндеттемелерін орындаған Уағдаласуши Тарапқа өзінің берген құқықтары мен артықшылықтарын шектей алады, тоқтата алады немесе кері шақырып ала алады.**

## **21-бап**

### **Келісімді өзгерту**

Егер Уағдаласуши Тараптардың біреуі осы Келісімнің ережелерін немесе оның Қосымшасын өзгертуге ұсыныс жасайтын болса, Уағдаласуши Тараптардың авиациялық билік орындары арасында енгізілуі мүмкін өзгеріске байланысты консультациялар өткізілетін болады. Егер Уағдаласуши Тараптардың авиациялық билік орындары бұл мерзімді ұзарту туралы өзара келіспеген болса, консультациялар оларды өткізу туралы сұрау салынған күннен бастап алпыс (60) күннің ішінде басталуға тиіс. Келісімге түзетулер олардың қабылданғаны туралы дипломатиялық арналар бойынша ноталар алмасу жолымен расталған соң күшіне енеді. Қосымшаға түзетулер Уағдаласуши Тараптардың авиациялық билік орындары арасындағы өзара келісім бойынша қабылдана алады.

## **22-бап**

### **Келісімді тіркеу**

Уағдаласуши Тараптар осы Келісімді және оған кез келген түзетулерді Халықаралық азаматтық авиация ұйымында тіркейтін болады.

## **23-бап**

### **Келісімнің қолданысын тоқтату**

**1. Осы Келісім беймәлім мерзімге жасалды.**

**2. Әрбір Уағдаласуши Тарап кез келген уақытта дипломатиялық арналар арқылы екінші Уағдаласуши тарапқа осы Келісімнің қолданысын өзінің тоқтатқысы келетіні туралы мәлімдей алады. Мұндай жағдайда егер Келісімнің қолданысын тоқтату туралы аталған мәлімдеме Тараптардың өзара келісуі бойынша осы кезең аяқталғанға дейін кері шақырып алынбайтын болса, Келісімнің қолданысы екінші Уағдаласуши Тараптың осындай мәлімдемені алған күннен бастап он екі айдан соң тоқтатылады.**

**24-бап**

## **Күшіне енүі**

Осы Келісім бекітуге жатады және Уағдаласуши Тараптар бекіту грамоталарымен алмасқан      күннен      бастап      күшіне      енеді.

Алматы қаласында 1997 жылы 27 ақпанда екі тұпнұсқа данада әрқайсысы қазақ, түрікмен және орыс тілдерінде жасалды, сондай-ақ барлық мәтіндер бір-бірімен сәйкес. Егер осы Келісімнің баптары мен ережелерін түсіндіруде дау туатын болса, орыс тіліндегі мәтін негізге алынатын болады.

Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін                                  Үкіметі үшін

Түркіменстан

### **Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркіменстан Үкіметі арасындағы Әуе қатынасы туралы келісімге**

#### **Қосымша**

1. Қазақстан Республикасының тағайындалған авиакәсіпорны екі бағытта да пайдаланатын маршруттар:

Қазақстан Республикасындағы пункттер	Аралық пункттер	Түркіменстандағы пункттер	Тысқарыдағы пункттер
--	--------------------	------------------------------	-------------------------

2. Түркіменстанның тағайындалған авиакәсіпорны екі бағытта да пайдаланатын маршруттар:

Түркіменстандағы пункттер	Аралық пункттер	Қазақстан Республикасындағы пункттер	Тысқарыдағы пункттер
------------------------------	--------------------	--	-------------------------

#### **Е с к е р т у :**

Әрбір Уағдаласуши Тараптың тағайындалған авиакәсіпорныны коммерциялық құқықтарын пайдаланбай-ақ кез келген аралық пунктті және тысқарыдағы пунктті пайдалана алады. Коммерциялық құқықтар беру Уағдаласуши Тараптардың авиациялық билік орындары арасындағы келіссөздер жолымен шешілетін болады.